

# Sades SA-732 Zpower ойын құлаққабы

Құлаққап — бұл музыканы, сөздерді немесе басқа дыбыстық сигналдарды жеке тыңдауға арналған құрылғы.

## Сипаттамалары

- Үлгісі: SA-732.
- Дыбыс форматы: Stereo 2.0.
- Жиілік ауқымы: 100 Гц — 10 000 Гц.
- Сезімталдық: 1 кГц үшін  $115 \pm 3$  дБ.
- Таратқыш қуаты: 10 мВт.
- Мембрананың диаметрі: 40 мм.
- Импеданс: 1 кГц үшін 20  $\Omega$ .
- Микрофон сезімталдығы: 1 кГц үшін  $-40 \pm 3$  дБ.
- Микрофон импедансы: 1 кГц үшін  $\leq 2.2$  К $\Omega$ .
- Ағытпа: 4 контактілі 3,5 мм jack.
- Кәбіл ұзындығы: 1,2 м (құлаққап) + 1,2 м (Ү кәбілі).
- Жинақталым: құлаққап, Ү тарамдағышы, пайдаланушы нұсқаулығы, кепілдік талоны, Sades стикері.

## Сақтық шаралары

1. Құрылғы құрылымына ешқандай өзгеріс енгізбеңіз. Бұл құрылғыда пайдаланушы қызмет көрсететін элементтер жоқ.

2. Қысқа тұйықталудың алдын алу үшін құрылғының кез келген сұйықтықпен жанасуына жол бермеңіз, оның жанына сұйықтық құйылған ашық ыдыстарды қоймаңыз.
3. Құрылғыны электрмагниттік сәулеленудің әсеріне ұшыратпаңыз.
4. Есту қабілетіне зиян келтірмеу үшін құлаққапты қауіпсіз дыбыс деңгейінде қолданыңыз.
5. Бұл құрылғыны балаларға және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдарға, олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа жандардың бақылауынсыз пайдалануға болмайды. Балаларға бұл құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
6. Құрылғы коммерциялық мақсаттарға пайдалануға арналып жасалмаған.

## Пайдалану нұсқаулығы

1. Құлаққап кәбілінің 3,5 ұялы коннекторын компьютеріңіздегі немесе мобильді құрылғыңыздағы тиісті портқа жалғаңыз.
2. Дауыс деңгейі түймесімен дауыс қаттылығының қалаған деңгейіне келтіріңіз.
3. Құлаққаптың сол жақ айшанағында орналасқан микрофонды қосу үшін оны сырт еткен дыбыс естілгенше көлденеңінен (төмен) бұрыңыз. Микрофонды өшіру үшін оны сырт еткен дыбыс естілгенше тік (жоғары) күйге бұрыңыз.
4. Дыбысты өшіру/қосу үшін қосқышты тиісті күйге қойыңыз.

## Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғыны өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайында өндірушінің қаптамасына салып, +5 °С-тан +40 °С-қа дейінгі температурада және 80%-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылықта сақтау керек. Үй-жайларда коррозия туындататын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Бұл бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Бұл өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, сіз қалдықтардың бақылаусыз тасталуы нәтижесінде қоршаған ортаға және адам денсаулығына келтірілетін ықтимал зиянды болдырмауға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда, дереу өкілетті сервистік орталыққа хабарласқан немесе құрылғыны кәдеге жаратқан жөн.

Тауардың өндірілген күні қаптамасында көрсетілген.

## Қосымша ақпарат

**Өндіруші:** Шэньчжэнь Сэйдс Диджитал Текнолоджи Ко., Лтд.  
9F, к. А, Жунь Чуаньсин Таймс ғимараты, Липу 3 к-сі, Булун тас жолы, Баньтянь к-сі, Лунган ауд., Шэньчжэнь қ., Қытай.

Қытайда жасалған.

**Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане:**  
ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:**  
«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа даңғылы, 12-ғимарат, Қазақстан.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 037/2016 ЕАЭО ТР «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.  
Пайдалану мерзімі: 24 ай.